тот владеет ситуацией.
Народная мудрость.

Большой акцент был поставлен вопросам безопасности, надежности и мобильности при создании автоматизированной системы управления учебным процессом (ASU VUZ), написанной в среде Lotus Domino/Notes.

Под безопасностью системы понимается защищенность системы от случайного или преднамеренного вмешательства в нормальный процесс ее функционирования, от попыток хищения (несанкционированного получения) информации, модификации или физического разрушения ее компонентов. Иначе говоря, это способность противодействовать различным возмущающим воздействиям на систему [1].

Под угрозой безопасности информации понимаются события или действия, которые могут привести к искажению, несанкционированному использованию или даже к разрушению информационных ресурсов управляемой системы, а также программных и аппаратных средств. Среди угроз безопасности следует выделить два вида: случайные и умышленные. Источником случайных угроз могут быть выход из строя аппаратных средств, неправильные действия пользователей системы, непреднамеренные ошибки в программном обеспечении и т.д. Умышленные угрозы преследуют цель нанесения ущерба управляющей системе или пользователям.

Одной из самых частых проблем, с которой сталкивается любой администратор систем, – это сбой работы сервера. Причинами ее может быть отключение света, ошибка системы при запуске, неожиданный сбой системы. Для надежной и беспрерывной работы серверов используются зеркальные серверы (кластеры). Они настраиваются таким образом, что каждое изменение в любой базе реплицируется (копируется) в дополнительный сервер. При временном отключении сервера его зеркало полностью заменяет его, работая в 100-процентном режиме (рис.1).

Рис.1. Кластер



Система Lotus обеспечивает эффективную поддержку мобильных пользователей. Во-первых, эти пользователи имеют возможность связаться с серверами Domino по сети или по модемному подключению. С помощью модема они в состоянии соединиться непосредственно с серверами Domino, предусматривающими коммутируемый телефонный доступ, или же с удаленными сетями, после чего обратиться к серверу Domino по этой сети. Во-вторых, пользователи могут подключаться к нужному серверу Domino через промежуточные серверы. Это позволяет им набирать номер одного сервера и использовать его для связи с другими серверами Domino. И наконец, клиенты системы Notes способны поддерживать местные копии баз данных и реплицировать изменения в них на другие серверы, что обеспечивает мобильным пользователям нормальную работу даже в тех условиях, когда они непосредственно не соединены с сервером [2].

Для предотвращения случайных угроз системе детально была разработана политика раздачи прав для работы с информацией на всех уровнях.

1) Прежде всего, это уровень доступа к базам данных. При входе в базу система определяет данные пользователя, в том числе права на доступ, затем создает Profile – пользователя с необходимыми данными (например, роль пользователя и роль департамента).
2) Второй уровень, это доступ к документам в базе. Существуют два приоритетных атрибута документа:
   - ✓ Доступ на чтение
   - ✓ Доступ на редактирование
3) Третий уровень – это видимость полей в документе.
4) Четвертый уровень – это видимость кнопок и права на их использование.

Детальное распределение ролей для работы пользователей в системе минимизирует риск случайных ошибок. Также любое изменение в документе фиксируется в отдельной базе, в которой даже сам администратор системы не сможет совершить какие-либо правки.

Модульная архитектура ASU VUZ – это лучшее решение для универсальной системы, предназначенной для использования в различных ВУЗах. Различные Базы данных (БД) управляются двумя основными, в которых регистрируются основные данные и настройки системы (рис.2).

Рис.2. Настройки БД.



В «Сервисной» вводятся основные данные сервера (название сервера, кластеров, баз данных, пути расположения и т.д.). Они вписываются в базы в виде профилей БД, куда ссылаются все коды программы. Следовательно, процесс установки системы на новый сервер с новыми характеристиками не займет массу времени, благодаря этой функции.
Также это облегчит огромнейший труд архивирования БД и позволит сохранить все ссылки документов, сэкономив администратору или оператору месяцы работ.

Каждый эксперт по своему оценит существующую систему, но можно с точностью сказать, что политика безопасности, надежности работы и мобильности системы не оставит равнодушным никого.

Литература

[1]. Титоренко Г.А. «Информационные технологии управления». Второе издание, дополненное. Москва, 2003 год. (стр. 192-193)

[2]. Кирклэнд Р. «Администрирование сервера». ДМК – Пресс, 2003 год. (стр. 26-28)

УДК 681.3.05

СМАРТ КАРТАЛАР

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
ИШ-31 тобының білімгері
Калибекова Д.Ш.
Ғылыми жетекшісі: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің
«Информатика» кафедрасының аға оқытушысы Зұлпыхар Ж.Е.

Смарт-карта енгізілген микросызбасы бар пластикалық карта. Көптеген жағдайда смарт карта құрылғыны бақылайтын және оның жадысының объектілеріне рұқсат беретін микропроцессордан, операциялық жүйеден тұрады. Сонымен қатар, ереже бойынша смарт карта криптографиялық есептеулерді жүргізетін мүмкіндіктерге ие. Банктік жүйеде смарт карталармен жұмыс әлдеқайда ыңғайлы және пайдалы. Соңғы кездері смарт карталарадың бағасы төмендеуде, сондықтан да смарт карталардың ортасы кеңейтілетін болады. Микросхемалардың орналасуына байланысты барлық смарт карталар бірнеше типтерге бөлінеді. Атап айтқанда, ішкі құрылғыларына және орындау функциясына қарай смарт карталар үш түрге бөлінеді:

*Есептеуіш(тіркегіш, санағыш) карталар.*Смарт картаның осындай түрі әрбір төлемді операцияның тіркелген сомасын есептеу кезінде қолданылады. Мұндай карталарды кей кезде алдын ала төленген карталар деп атайды. Осындай карта есептегіштер автотұраққа, жолға төлемді теледидарға жазылу кезінде қолданылады. Сонымен қатар, телефон автоматтары мен

телефонмен сөйлесуді төлеу кезінде қолданылады. Әдетте телефон автоматтарында сөйлесу уақытының бірлігі минимальды тіркелген бағаға ие болады. Сойлесу үрдісінде картадан әр бір бірлікке қажетті бит саны сызылып отырады. Бастапқыда мұндай карталар бір рет қолдану үшін жасалған. Қазіргі кезде смарт карталардың арнайы код арқылы болған соманы қалпына келтіріп қайта сөйлесе беретін типі шықты. Сонымен қатар, қазіргі уақыттағы карталар идентификациялық мәліметтерден де тұрады, яғни қолданушы туралы мәліметтен тұрады және ол клиенттің қалауы бойынша өзгертіліп отырады.

Жадысы бар карта. Барлық смарт карталар жадымен қамтамасыз етілгендіктен, смарткартаның бұл типі карталар арасында аралық болып табылады. Картаның осы түрі қолданушы туралы ақпаратты сақтау үшін қолданылады. Мұндай карталардың қорғалған және қорғалмаған жады деп аталатын екі түрлі ішкі типі бар. Олар бір бірінен рұқсат етілмеген енуден қорғауымен ерекшеленеді. Қорғалмаған карталарды, сонымен қатар толығымен рұқсат етілген жадысы бар карталар деп те атайды. Осындай карталардың жадысын арнайы командалар көмегімен бағдарламалауға, жаңартуға, көшіруге болады. Қорғалмаған жадысы бар карталарады төлемді карталар негізінде қолдану өте қауіпті. Картаның қауіпсіздігіне байланысты тағы бір айта кететін жайт картаның мәліметтеріне шектеу қою болып табылады. Банк картаға ақшаны тіркеуі, дүкеннің картадан ақшаны алуы және т.б. операциялардың барлығы клиенттің қатысымен жүзеге асуы керек. Сондықтан да картаның жадысы екі бөлікке бөлінеді: дебетті және кредитті. Смарт картаға ие адам өзінің құпия кілтіне ие болады. Ақпараттық кілтке тек банк ие болады.

Микропроцессорлы карталар. Бұл смарт карталардың ішінде ең дамыған түрі. Олар ақпараттың күрделі талаптарын өңдеу үшін қолданылады. Микропроцессорлы карта микроконтроллерден, орталық процессордан тұрады. Микропроцессорлы смарт карта қажетті сервисті операцияны орындайтын енгізілген операциялық жүйеден тұрады. Барлық ақпарат көп деңгейлі құрылым түрінде келтірілген. Осындай типті карталарға DES дәстүрлі криптографиялық алгоритмдер орнатылады. Ол ақпараттың шифрленуін және цифрлы жазбаның сұранысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, карталар сервисті функцияның әр түрлі спектрін орындай алады. Банктік операцияларды орындау үшін, мысалы карточкадан жұмыстың блокқа түсу мүмкіндігімен электронды төлемдерді енгізу құралдарын қарастырады. Блокқа түсудің екі түрін қарастырады: дұрыс емес транспортты кодты енгізу кезінде және рұқсат етілмеген ену кезінде.

Смарт карталарды қолданудың артықшылықтары:

- Біріншіден, смарт карталардың карталардың басқа түрлерінен негізгі айырмашылығы - жоғары интеллектуалды микросхемадан тұруында;
- Екіншіден, магнитті немесе штрихті карталар көмегімен төлемдерді тек on-line режимінде ғана жүреді. Төлемді операциялар үшін банкпен байланыстыру керек және рұқсат алу керек. Осындай жағдайда негізгі мәселе болып байланыстың жылдам, арзан, сенімді түрін қамтамасыз ету болып табылады;
- Үшіншіден, смарт карталар жоғары сенімділігі мен қауіпсіздігімен ерекшеленеді. Микросхема өзіндік шешім қабылдау үшін жеткілікті интеллектпен қамтамасыз етеді;
- Смарт картаның ең негізгі артықшылығы болып ақпаратты талдау, математикалық есептерді жүргізу және логикалық шешімдер қабылдау болып табылады;
- Төмен төлемді және қызмет көрсету ортасына байланыссыз;
- Коммуникациялармен тұрақты байланысты қолдану қажеттігі жоқтығында, яғни қолданушының қалауы бойынша қолдану;
- Ақша құралдарын тез арада ауыстыру кезінде инфляцияның төмендетілуі;
- Сапасының жоғары деңгейде болуы және картаның қауіпсіздігі күрделі өнеркәсіппен қорғалады.

Экономиканың дамуы смарт карталарды қолдануда жаңа белестерді ашады. Ірі қаржы компаниялары интеллектуалдық смарт картаның қолданылуының осындай технологияға көшуін жариялады. Сонымен қатар, смарт карталарды контактілі және контактілісіз деп

бөледі. Контактілісіз смарт карталар объектілердің радиожиілікті жүйе элементтері болып табылады. Объектінің идентификациясы смарт картаның чипінде сақталған уникальды цифрлі кодында жүзеге асады. ЧИП смарт картаның денесінде орналасады, осы жерде сонымен қатар радиотолқындардың қабылдауы мен шағылуы жүзеге асатын антенна орналасады.



1-сурет.Контактілісіз смарт-карта.

Смарт картадан ақпаратты оқу әдісіне қарай:контактілі,контактілісіз,екілік интерфейсті болып бөлінеді. Контактілі карта есептегішпен картаның металды контактілі ауданына тәуелісіз әсерлеседі. Контактілі смарт карта үш бөліктен тұрады (2-суретте):

1. Контактілі облыс.
- төртбұрышты немесе овальды формадан тұратын 6 немесе 8 контакт;
- ISO-7816 стандартымен сәйкес орындалатын контакті позициялары
2. Чип(картаның микропроцессоры)
3. Пластикалық негіз



2-сурет. Контактілі смарт карта құрылысы

Соңғы кездері смарт карталардың танымалдығы жоғарылап келе жатыр. Оның себебі смарт карталардың қарапайым карталардан қарағанда күрделі айырмашылықтарының болуы, жұмыс үшін қажетті ақпараттардың көп көлемін сақтауға болатын жадыдан тұруы. Банкоматтар мен кассаларда қолданылатын карталарды төлем жүйелерінде магнитті карталарды қолдану кезінде банкпен немесе басқа қызмет көрсету орталығымен байланыста болады. Смарт карталармен жұмыс кезінде есеп туралы мәліметтер тәуелсіз карта жадысында сақталады. Сондықтан да берілген смарт картаны қасиеті арнайы каналдарда үнемдеуге мүмкіндік береді. Смарт карталарда ақпаратты оқудан қорғау жүйесі бар. Осы қасиеті картаны қорғаусыз көшіруден сақтайды. Смарт картамен ақпаратты алмастыру шифрленген түрде жүреді, сондықтан да картаны өзгерту және алмастыру қиынға соғады. Осы мүмкіндік ақпартыңыздың біреу оқымайтынына жүз пайыз сенімділік береді және сіздің мәліметіңіз кассирге немесе сатушыға белгісіз болады. Смарт карталар көп уақытқа жарамды болады. Ол электромагниттік сәулелендіру мен су, химикаттардан аз бұзылады. Смарт карталардың жарамдығы үш жылдан он жылға дейін, ал магнитті карталар тек бір-екі жылға ғана жарайды. Біз мысалы ретінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі «Цеснабанк» АҚ банкінде қолданылатын картаға сипаттама берсек: «Цеснабанк» АҚ клиенттеріне және төлем карточкалар иелеріне *«Card to Card» қызметі* – ақша қаражатын аударудың өте ыңғайлы, әрі жылдам тәсілін ұсынады.

- «Card to Card» – банкомат арқылы карточкадан карточкаға ақша аудару жүйесі:
- Цеснабанк карточкасынан Цеснабанк карточкасына;
- Цеснабанк карточкасынан Халық Банк карточкасына;
- Халық Банк карточкасынан Visa Electron Цеснабанк карточкасына;
- «Card to Card» қызметін ақша алушының төлем карточкасының нөмірін білетін «Цеснабанк» АҚ төлем карточкаларының кез келген иесі пайдалана алады;
- Банкомат арқылы ақша аудару карт–шоттың енгізілген валютасы – теңгемен «Цеснабанк» АҚ карточка иелерінің карт–шоттары бойынша жүзеге асырылады;
- Банк комисиясы – аударым сомасына қарамастан бір аударымға 90 теңге ақша жіберушінің карт–шотынан автоматты түрде ұстап қалынады;
- Ақша алушының карт–шотына банкомат арқылы аударылған ақша операциясы жасалып болғаннан кейін бірден аударылады. *Осы қызметтің артықшылықтары:*

1. Жылдам, әрі ыңғайлы. Сіз карточкадан карточкаға ақша аударымын сізге ыңғайлы уақытта және қолайлы орында жасай аласыз. Сондай–ақ аударымды жасау және артық қағаз толтыру үшін банкте кезекте тұрудың қажеті жоқ. Құжаттарды ұсыну талап етілмейді;
2. Қызметтің қолайлығы тәуліктің кез келген уақытында, демалыссыз жұмыс істеуінде. Ақша алушы Қазақстанда, сондай–ақ басқа шетелдерде жүрседе да ақшаны ала алады;
3. Операцияны жүзеге асырудың жеңілдігі – банкоматтың мониторындағы менюдің жеңіл, әрі түсінікті болуында;
4. Аударым сомасына қатысты емес төмен тарифтер. Сондай–ақ банкомат арқылы клиент қандай сома аударғандығына комиссия қатысты емес;
5. Card to card қызметі тек «Цеснабанк» АҚ карт–шоттың енгізілген валютасы – теңгемен жеке тұлғалар карточкасы бойынша ғана пайдалана алады. Жеке тұлғалардың валюталық карточкалары, сондай–ақ заңды тұлғалардың корпоративтік карточкалар бойынша осы қызмет түрі ұсынылмайды;
6. Бар болғаны – «Цеснабанк» АҚ төлем карточкасының иесі болсаңыз және ақша алушының төлем карточкасының нөмірін білсеңіз болды;
7. Ақша карт–шотқа операция жасалған соң бірден түседі;
8. Банкоматтағы қажетті шараларды жасау арқылы ақша аударымын жіберетін адамның карточка нөмірін және аударым сомасын тересіз.

Сонымен, қорыта келгенде қазіргі заманда қолданылатын смарт карталар дегеніміз: Микропроцессоры бар төлем карточкасы (*smart-карточка, smart card*) - жасалатын кезде модуль және процессордан тұратын микросхема орнатылатын пластикалық карта. Микросхеманың жадысы арнайы қосымшалар үшін ажыратылған рұқсатпен сегменттерге бөлінеді. Жеке сегменттер карточканың эмитентімен қолданылады.

Әдебиет

1. А. Каменкова. Рост в ожидании спада // Эксперт, 2003, №1.
2. Р. Фостер. Обновление производства: атакующие выигрывают. - М.: Прогресс, 1988. - 286
3. Скрипкин К. Г. Экономическая эффективность информационных систем. - М.: ДМК пресс, 2002.

УДК 621.395.6.003.63

МИКРОПРОЦЕССОРЛЫҚ ТЕХНИКАДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ПЕРИФЕРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР

Салиева Ж.О.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана
Ғылыми жетекшісі – д.т.н.,профессор А.А.Садыков

Қазіргі микроконтроллерлер микропроцессорлық жүйенің барлық негізгі элементтерін: жады, енгізу-шығару құрылғылары, үзу жүйесі, таймерлер және т.б. құрайтын әмбебап микросхемаларын көрсететіндей интеграция деңгейіне жетті. Микросхемалар шегінде қалатын негізгі элементтер кварцтық резонатор және қоректендіруді қосқандағы алғашқы алып тастауға арналған бірнеше элементтер ең қажетті элементтер болып табылады. Микропроцессорлық техниканың қазіргі даму тенденциясы ішкі элементтердің барлығы микроконтроллерлерідің ішінде орналасатынына бағытталады. Сондықтан микроконтроллерлер өзіндік жеткілікті жүйе болып табылады. Қарапайым тапсырмаларды ішкі қосымша элементтердің көмегінсіз шеше алады. Мысалы, телефондық розеткеде орындалған телефондық қосымшалардың бүтін жиыны. Өзінің қарапайымдылығына қарамастан мұндай қосымшалар күрделі қызметтерді орындайды. Қарапайым жағдайда сіздің телефон желісін рұқсатсыз қолдануды, сіздің бақылауыңсыз болатын қала аралық қоңырауларды бұғаттауы мүмкін. Екі абонентке бір телефондық линияны қолдануға мүмкіндік беретін телефондық розеткедегі АТС линиясын жоғарғы мүмкіндіктегі жағдай деп есептеуге болады.

Бірақ көп жағдайда тәжірибелік тапсырмаларды шешу үшін ішкі элементтерді қоспау мүмкін емес. Микроконтроллерлерге міндетті түрде ішкі есеп берулерді, әр түрлі орындауларды басқаратын батырмаларды және индикаторлық құрылғыларды қосу керек. Бұл барлық құрылғыларды перифериялық құрылғылар деп атау қабылданған. Мұнда сызбаларды өңдеу, сонымен қатар, басқарылатын бағдарламаларды өңдеу ұғымдарыда түсіндіріледі. Атап айтқанда перифериялық құрылғыларды сауатты және рационалды түрде қосуды білу мен схемотехника өнерінен тұрады.

1-суретте көрсетілген микропроцессорлық жүйенің құрылымдық сызбасын қарастырайық.



1-сурет. Микропроцессорлық жүйенің сызбасы.

Микропроцессорлық жүйенің қызметі келесідей жағдайлардың реттіліктерімен анықталады: әртүрлі перифериялық құрылғылардан түскен ақпараттар, деректерді өңдеу мен перифериялық құрылғыларға өңдеу нәтижелерін беру. Бұл жағдайда өңдеуге тапсырылған перифериялық құрылғылардан түскен деректер оларды өңдеу процесінде де түсуі мүмкін.

Микропроцессорлық сызбадағы бұл әрекеттерді орындау үшін микропроцессордан басқа мынадай құрылғылар қарастырылады:

- сақтауға және бағдарлама командаларына сұраныс бойынша тапсыруды, микропроцессордың жұмысын, әртүрлі деректерді анықтауға арналған оперативті жады;

- микропроцессормен және оперативтік жадымен берілген әртүрлі периферияльық құрылғылардың деректерін алмастыруды қамтамасыз ететін құрылғылар контроллерлері.

Микропропроцессор кезекті команда сақталатын оперативті жадының ұяшық номерін адрес шинасына жібереді, оперативті жадыдағы басқару шинасынан жады ұяшығының адрес шинасын көрсететін құрамдағы есептеуді қамтамасыз ететін сигналдар келеді. Оперативті жады деректер шинасына тыйым салынған микропроцессорға қабылданатын команданы жібереді. Мұнда команда ашылады. Егер деректер, команда қарайтын әрекеттер микропроцессор регистірінде болса, онда микропроцессор командада көрсетілген операцияны орындауға көшеді. Егер команда ашылғанда операцияға қатысатын деректер оперативті жадыда болса, онда микропроцессор осы деректерді сақтайтын ұяшық адресінің шина адресіне қояды; оперативті жадыдан түскен ақпараттарды жіберуде микропроцессор оларды деректер шинасы арқылы қабылдайды да, содан соң деректер операциясы арқылы орындалады. Шина адресіне ағымдық команданы жіберу аяқталғаннан кейін келесі команда адресі жіберіледі, берілген процесс қайталанады.

Периферияльық құрылғылармен деректер алмасу келесідей жағдайлармен жүзеге асырылуы мүмкін. Периферияльық құрылғылардың тобы микропроцессорлық жүйе деректерінің шинасына деректер алмасу процесін басқаратын алмасу контроллерлері арқылы қосылады. Периферияльық құрылғылармен деректер алмасу алдында микропроцессор шина арқылы контроллерлерге жіберуде қолданылатын тәртіп туралы ақпаратты, периферияльық құрылғылар контроллерлеріне қосылған әрбір деректер алмасуда қолданылатын деректерді жіберу бағыттары туралы деректерді беруі қажет. Содан соң, мысалы периферияльық құрылғыдан жіберілетін деректер оперативті жадыға беру талап етілсе, микропроцессор енгізу командасын орындап, контроллерге сәйкес басқарушы сигналдарды жібереді; периферияльық құрылғылардан деректер контроллерлер регистірінде қабылданады. Содан кейін бұл деректер мәліметтер шинасымен микропроцессорға қабылданып, сәйкес командаларды орындау процесінде олар оперативті жадыға жіберіледі.

Сыпайы түрде кері бағыттағы деректермен алмасу оперативті жадыдан периферияльық құрылғыға алмасу жүреді. Сәйкес команда бойынша бағдарламалар оперативті жадыдай деректер микропроцессорына қабылдау жүзеге асырылады, келесі команданың біреуі бойынша бұл деректер деректер шинасына көрсетіледі, контроллер арқылы периферияльық құрылғыға жіберіледі.

Суреттелген алмасу деректер алмасу жағдайлары алдын ала бағдарламалау этапында белгілі, бағдарламада алмасуды қамтамасыз ететін командалар анықталған орындарда қарастырылады. Алмасу жағдайлары периферияльық құрылғылардың өзімен де анықталуы мүмкін сонда бұл жағдайлар бағдарламалаушыға белгісіз болып саналады, ол бағдарламадағы сәйкес командалардың алмасуды қарай алмайды. Бұл жағдайда периферияльық құрылғылар анықталған сигналдарды микропроцессорға жіберуде оның жағдайындағы үзуді жібереді. Бұл жағдайда микропроцессор негізгі бағдарламаны орындауды тоқтатып, периферияльық құрылғымен талап етілген деректер алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалардың оперативті жадыда сақталатын басқа командаларды орындауға ауысады. Мұндай үзілу бағдарламасы аяқталғаннан кейін микропоцессор негізгі бағдарламаны орындауға көшеді.

Суреттелген тәсілдер алмасудың төменгі жылдамдығын қамтамасыз етеді және төмен жылдамдықты периферияльық құрылғылармен деректер алмасуда мақсатқа сай қолданады. Жоғарғы жылдамдықты периферияльық құрылғылармен жұмыс жасауда жадыға тікелей қатынау режимі қолданылады. Бұл режимде микропроцессор адрес шинасы мен деректерден үзіледі, оперативті жадымен деректер алмасу үшін периферияльық құрылғылардың орналасуын көрсетеді. Алмасу бұл жағдайда жадыға тікелей қатынаудың арнайы контроллерлермен ұйымдастырылады.

Периферияльық құрылғылардың жадысына тікелей қатынау режимінде оперативті жадымен біркелкі деректер емес, үлкен деректер жинағы алмасады. Жадыға тікелей

қатынау контроллерлеріне микропроцессор алмасуға басқаруға қажетті ақпаратты орналастырады. Алмасу үрдісінде жадыға тікелей қатынау контроллері адрес шинасына оперативті жадының ұяшық адресін берелі, жіберу аяқталғаннан соң оперативті жады мен перифериялық құрылғы арасындағы сөздер жадыға тікелей қатынау контроллері деректер шинасы арқылы адрес шинасына берілетін адрес мәнінің берілгеніне үлкейеді. Берілген сөздер санын жіберу аяқталған соң жадыға тікелей қатынау контроллері микропроцессорға хабарлау арқылы алмасуды тоқтатады. Нәтижесінде адрес шинасы мен және деректермен байланыс қайта қарастырылады және бағдарламаны орындау жалғасады.

Әдебиет

1.А.В.Белов. Конструирование устройств на микроконтроллерах. Санк-Петербург 2005 г.
2.Б.А.Калабеков. Цифровые устройства и микропроцессорные системы. Москва 2007 г.
3.А.Е.Васильев. Микроконтроллеры. Москва 2008 г.

УДК 681.32:37

ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР (ПОДКАСТИНГ) МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЫНАН ОРЫН АЛУ

Салиева Ж.О.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана
Салиева Д.О.
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы, Астана

Бұл мақала Президентіміз ұсынған «Санаткер ұлт – 2020» бағдарламасын жүзеге асыруды қолдаудың жазбаша көрінісі болып табылады.

Аталмыш бағдарламаның 3 өзекті мәселесін оқытушылардың алдына қойылған бүгінгі басты талаптар деп білеміз. Олар:

1. Оқытудың инновациялық әдістемесін дамыту;
2. **Ақпараттық эволюция**;
3. Жастарға рухани тәлім-тәрбие беру.

Елбасының білім және ғылым саласына аса көңіл бөлуінің үлкен мәні бар. Себебі, мемлекеттің даму көрсеткіші болып сол елдің ЖОО мен ғылымдағы жетістіктері табылады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еліміздің алдыңғы қатарлы ЖОО-ның бірі, алайда ол әлемдік білім жүйесінің алдыңғы қатарлы мүшесі болуға тиісті. Ол үшін, біріншіден, біз, оқытушылар және білім алушылар кауымы қажырлы еңбек етуге міндеттіміз. Екіншіден, университет ақпараттық эволюциядан кейін қалмай, инновациялық өнімдер мен әдістерді өз жүйесінде пайдалуға тиісті. Мәселен, қазіргі таңда алыс және жақын шетел білім жүйесінде төмендегі заманауи ақпараттық технологиялар мүмкіндіктері кең ауқымды игерілуде: блоггинг, веб-блоггинг, әлеуметтік желі, iTunes, подкастинг және т.б. Бұл жұмыста соңғы жетістікті білім беру саласында қолдану мәселесіне тоқталамыз. «Подкастинг» Оксфорд сөздігіне (New Oxford American Dictionary) 2004 жылы енгізіліп, бір жылдан соң «Жыл Сөзі» атағына ие болды. Блоггер Док Серлс зерттеуі бойынша 2004

жылдың 28 қыркүйегінде подкастинг сөзін Google-дан 24 адам қараса, бүгінде олардың саны 2 миллионнан асып кеткен [1].

Қазіргі таңда Қазақстанда подкастинг енгізілмеген, көршілес Ресейде бұл техникалық жетістік қолданыста болғалы көп уақыт өте қоймағанымен Батыста ол ақпарат таратудың тиімді түріне айналған.

Бұл сөздің этимологиясына тоқталатын болсақ, подкастинг ағылшынның iPod (Apple компаниясы ұсынған mp3-плеері) және broadcasting (кең ауқымды хабар тарату) деген сөздерінен құралған. Подкастинг аудио және видеоконтентті интернет арқылы таратудың жаңа форматы болып табылады. Ол мультимедиа-контентті жай ғана rss-каналға (Really Simple Syndication – өзгеріп тұратын веб-контентті тарату каналы) енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Алайда ұсынатын мүмкіндіктері бойынша подкастинг – интернет пен радио артықшылықтарының синтезі болып табылады.

Подкаст деп – аудио және видеофайл түрінде жазылған кез келген ақпаратты айтамыз: дәрістер, шетел тілі сабағы немесе компьютердің құрылымы туралы сабақ, т.с.с Оқытушылар өздері жүргізетін курстар бойынша үй тапсырмаларына немесе дәрістерге подкаст жасап, оны барша халықтың қолданысына жариялай алады. Ал студенттер тек аудиториялық сабақтармен ғана шектеліп қоймай, берілген сабақты және сол сабаққа қатысты шетел профессорларының подкасттарын өзіне ыңғайлы уақытта және жерде көре не тыңдай алады [2]. Сонымен қатар олар өз подкасттарын оқытушылар назарына жариялай алады. Бұл әдіс студенттердің өзіндік жұмысы мен ізденіс қабілетін дамытады.

Университет кітапханасында миллионнан астам кітап түрі бар. Алайда қазіргі «электронды әлем» ғасырында дәстүрлі кітапханамен бірге электронды кітапхана дамуға тиісті. Бұл, әсіресе, университеттің алдағы қашықтықтан оқыту жоспарын жүзеге асыруда аса маңызды мәселе болып табылады. Әр факультет сайттағы өз парақшаларында подкасттар жарияласа, аудио және видео форматтағы дәрістерін білім алушылармен қоса кез келген азамат пайдалана алады. Өз кезегінде подкастинг, сонымен бірге, келешек студенттер мен олардың ата-аналарына таңдалынған университет туралы ақпарат алуына үлкен көмек береді. Бұл орайда подкастингтің негізгі мақсаты – «интеллектуалды байлықты» бүкіл әлеммен бөлісу болып табылады.

Подкастқа арналған софт (бағдарламалық қамтамасыздандыру). Бүгінде подкастингге арналған бағдарламалар көп. Осы тұрғыда Apple компаниясының өнімдеріне аса көңіл бөлу керек. Мәселен, iTunes медиаплеері аудио және видеоконтенттерді көрсетуді қамтамасыздандырады. iTunes бағдарламасын қолдануда ең қолайлы құрал iPod болып табылады.

Подкастқа арналған тағы бір бағдарлама – Juice (бұрынғы атауы – iPodder). Ол қолданыста қарапайым, сонымен қатар басқа да аудио файлға арналған бағдарламаларды қабылдайды: iTunes, Windows Media Player және WinAmp.